



«ҚАЗАҚШ САЙРА-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахымжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





ЫССЫҚ-КӨЛ

Ақшандақ аспанды тағы бір қыдырып шыққан күн көк-жиекке аман-сау жеткенімен, мынау шыж-быж дүниені қимағандай талықсып тұрып алды.

Сынық сүйемдеп етектен жоғары өрмелеген қарабарқын көлеңкені бойына қапелімде дарытқысы келмей Алатаудың іркес-тіркес шындары өндіршегін созғылайды.

Таудың тар құрсағында бұлқынған Ыстықкөл ғана толқыннан толқын тулатып, қызыл бояқ сәулені қоймай құмарлана жұтады. Ауызбірлігі кем ақша бұлт біткен желге жағынып, пышырап, ақ айдын бетінде кержалқауланып сырғанады.

Көлдің иесіндей боп арша таяғына сүйеніп жағалауда бір шал тұрды. Азу тістен ада екі ұртына тоқылдақтың басы сыйып кеткендей екен.

Ал пері көшетін намаздыгер мен ақшамның арасында қасиетті көлді елбең-елбең елес кезіп жүрді. Елес...

Көлдің айна бетінде шағылып қалған қартамыс шақтың хикаясы.



ЫССЫК-КУЛЬ

Солнце, хотя в очередной раз прогулялось по небосклону и в полном здравии достигло горизонта, но, словно не желая расставаться с этим кипящим и парящим, кишасшим и жужжащим миром, застыло в каком-то оцепенении.

Цепи вершин и пиков Алатау, не желая впитывать в себя карабкающиеся вверх тени, уже обнявшие изломы предгорий, вытягивали ввысь свои колпаки.

Только Исык-Куль, мечущийся в тесном чреве гор, вздыбливая волны за волнами, не переставал с жадностью глотать красные лучи заката. Лоскутки белых облаков, угождая любым ветрам, скользили по поверхности озера с ленивой гордыней.

На берегу, словно он был хозяином озера, опираясь на свой вересковый посох, стоял старик. В рот его, лишённого ряда зубов, могла вместиться голова дятла.

А в промежутке между заходом солнца и предутренним рассветом вокруг благодатного озера бродили видения. Видения...

Былины древних времен, запечатленные и отражающиеся на зеркальной поверхности озера.



Астын әлдилеген ағын, бетін тербеткен толқынға сеніп елес-жады өмірге енеді де, сағым боп ойнап қас қағымда жоғалады.

Ащы ішектей әрең таусылған кешкен ғұмырын емес, ішіндегі қарашықтай ғана қадірлі жылт дәуренін өздері де аңсайды екен-ау!

Желкесінің шұңқырын көрсетіп қашқан зәрезабының өзін келе-келе таңдайын ойған тәттіге қимас...

... Бір толқынды қолтықтап мәңгіліктің тұңғығынан Манас көрінді. Бойындағы бес қаруын дірдек қақтырып, маңайына су бүркіп сілкінді.

Бәйтеректі бауырына басып отырған қырық қарға атқан тастан бетер ұяларын тастай қашты. Аулақта жүрген сәйгүлік кісіней шапшыды.

...Кемпіршуақ көктемеде Алтайдан өкше көтерген қырғыз жұрты Кеген тауларын түйежарлап өтіп, Ыстықкөлге әуірімнің күшімен құлаған.

Тізгінін Манасқа, ниетін Таласқа табыстап алға емініп баққанымен, жұмақтың төріндей мекенге жеткенше ат-түйенің арқасына ошақ орнындай жауыр түскен. Тер сіңген таралғы, тесілген тақым ше?

Қырық күн шілденің құм қайнатар ыстығы жұлынған еркек, жыңғылдай қатынның өзінің қасын күйдіріп, кірпігін ақсіркелеп жіберген.

Ұрттан ұртқа жүгірген сықпа құрты түскірдің дорба түбі қағылып, тіл қыдыртып жалай-жалай ерін жалағы – ол да азап.

Көп азапты осылай үйірімен үш тоғызғып тырна мойнын созып келе жатқан елде бір шатақ шықпаса несі көш?

Және ол шатақ сыбырдан басталып, сыбанған дауға айналмаса несі шатақ?

Шапшып тұрар дауды саршұнақтай шақылдап қа-

Уверовав в баюканье глубинного течения и качанье волн на поверхности, видение-память оживает игриво, как мираж, и тут же исчезает, быстрее, чем моргание ресниц.

Видения горят желанием вернуть не тягучую и длинную, как тонкая кишка, еле завершившуюся частную жизнь, а только сверкнувшее, как зрачок, достойное время.

Показавшие выемку на затылке и скрывшиеся духовные страдания время не поменяет даже на сладости, постепенно выевшие его небо...

... Из бездны вечности, сжав волну подмышкой, показался Манас... Обвешанный пятью видами оружия, бряцая им, стал разбрызгивать воду вокруг себя.

Сорок ворон, как горсть брошенных камешков, забросив свои гнезда на огромном дереве, разлетелись поодаль. Резвый конь, пасшийся уединенно, заржав, встал на дыбы.

...Потеплевшей весной, подавшийся с Алтая киргизский народ, пройдя через перевалы Кегена, обессилено, но добрался-таки до Иссык-куля.

Хотя стремились с надеждой, но пока достигли райского оазиса, вручив свои стремена Манасу, намерения – Таласу, на спинах верблюдов и коней образовались нагнеты, похожие на пепелище очага. А кожаная сбруя, коленные суставы?

Сорок дней расплавляющая песок июльская жара, спалив брови и выцветши ресницы, выпекла выносливых мужчин, хрупких, как тамариск, женщин.

Даже те усилия, которые затрачивались на то, чтобы, выбрав последние запасы брынзы из складок мешков, вылизать даже крохи их, доставляли муки.

Может ли эта, преумножившая свои муки, вытанувшая журавлиные шеи, толпа считаться кочевьем, если не возникает ссора в ее среде?

К тому же, если эта ссора, возникшая из шепота, не переходит в яростный раздор, то разве это ссора?

А если, этот неистовый раздор не начнет стреко-



тын бастамаса несі қатын?

– Садағаң кетейін Көбеш ағам айтып еді-ау:
«Келінжан, тау жағалап, тас басып кімге сеніп ба-
расың?»

Омыртқадай байыңа ма, опал таудай Манасқа ма?
Бірі – күйкі, бірі – даңғой.

Елді апарып жарға жығады, көр де тұр! Қалмақтан
көрген теперішіміз жоқ, алақанының ортасында
отырмыз.

Ас-тойынан қалдырмайды. Жайлауының шеті
біздікі. Ақылың болса – барма... Бармыз ғой...»
деп.

Тақымымыз қажалды, тұяғымыз мұқалды. Жар
емес пе мұнысы, жыққаны емес пе мұнысы?! Ба-
сындағы қарқарадай күндігі күйелеш-күйелеш
қара қатын көштің аяқ жағында келе жатып бай-
ғыздың даусына салып зарлап қоя берсін:

– Алтын тамырдай Алтайдан қара басып айырыл-
дык!..Өлігінді көрейін, Манас!..
Апий, ой!..

Ұшып түскен жара құсап әр жерден шыққан қатын
даусы бір-бірін іздеп тауып, айналаны әлем-тапы-
рық қып жіберді.

Омыртқадай байы оңбайтын қатынын өңірден ала
кетіп, қапелімде көлік үстінен аунатып түсірген-
мен, жерге басып отыруға дәрмені құрғыры жет-
педі.

Аузында бұрқыраған сөзі, бойында кернеген
ашуы бар ұрғашы жаралы жыртқышпен тең екен,
омыртқадай бай оңбай омақасты.

Жай құласа да кешірім, жон арқадан солқ еткізіп
түйіп кеп жібергенде қозы көш жерге дедектеп
жүгіріп барып омақасқанын айтсаңшы! Ала шаң
бұрқ ете түссін.

«Шоқ, шоқ!» десті шап айылы мен шыдамы қатар
үзілгелі тұрған үзеңгілестер.



чушая, как сорока, женщина, какая же это женщи-
на?

- Почтенный брат мой Кубеш говорил: «Дорогая
невестушка, кому ты поверила, отправляясь в
путь, чтобы топтать по камням на горных тропах?»

Маленькому, как позвонок, мужу или огромному,
как гора, Манасу? Один – мозгляк, другой – дубо-
ватый исполин.

Посмотришь, заведут народ в горы, да бросят в
ущельях. Ни обид, ни мучений не терпели от
джунгаров, находимся у них на ладони.

Не забывают приглашать на празднества и свадь-
бы. Приграничные земли их – наши. Если ты рас-
судительна, то не уезжай... Проживем и здесь».

Подожвы наши изнасились, копыта коней стер-
лись. Разве это не горный тупик, разве это не ко-
нец?! – Причитая, рыдала голосом сыча, шедшая
в конце каравана смуглая женщина, носящая на
голове огромный убор, похожий на перекастистую
снежную вершину.

- Лишились Алтая, жилы золотой, плетемся, не
зная, судьбы своей злой. Чтобы погибель твою
увидеть мне, Манас... Апий, ой...

Словно заразные болячки, высыпавшие и там, и
сям, женские голоса, найдя друг друга в разных
точках кочевья, все вокруг превратили в бедлам.

Тщедушный муженёк сварливой женщины, хотя и
свалил ее с лошади, схватив за ворот, но удержать
на земле, навалившись на нее, силёнок у него не
хватило.

Женщина, слова которой бурлили во рту, а в тело
впилась злоба-заноза, оказывается, равна ранено-
му зверю: муж-мозгляк отлетел от нее, как клубок.

Ничего еще, если бы просто упал, он же, получив
сильный толчок по хребту и засеменяв стреми-
тельно на четвереньках, плюхнулся на землю гру-
дью! Да так, что из-под него пыль взметнулась.

«Прекратите!» – призвали к порядку попутчики,
терпение которых готово было лопнуть вместе с
задними подпругами.



Ұшы-қиыры жоқ көш-керуеннің маңдайында жүрген Манас астындағы ақкөбік болған Аққұласын ірікті.

Қалың қырғызын жаттың жарқабағынан суырып алып еркіндіктің есер құшағына бастағанда естір алғысы осы болғаны ғой.

Томпылдатып сабасаң қой-қойлары таптырмас, белі мықты бестісі не тоқтам айтар естісі жоқ ел дегенің осы екен.

Тұр, міне, бәрі артында, екі иінінен таяқ шаншыған қарақшыдай боп ербиіп.

Айыр қалпақтың астынан аспанға қараған, буалдырланып, өз-өзінен тозып, түсі өңіп кетіпті. Оңнан да, солдан да үзік-үзік сағым ойнады.

Керегедей қаз-қатар қаланған жақпар тастар балбалдарға айналып, шексіздіктің құшағында жүзіп бара жатты.

Жанындағылардың бәрі серттесіп, тілдерін қырқа тістеп алғандай ләм-мимсіз. Тартып міне берген соң, ат жалы да сұйылып қалыпты. Қаныкейге көз тіккен.

Айыр қалпағымен көш соңын нұсқаған. Байғыз даусын барып өшір деген ишараты.

Сонда кеш туған айдың сынығындай Қаныкейі, алысқа ат шаптырып некесін қиған, іңірде салып төсегін сәскеде жиған, ақ бетін соңғы идіріммен жуған, сәмбі белін алтын қаусырмамен буған Қаныкейі бұған ғұмыр дағдысы – назданып емес, назырканып қарады-ау!

Бетіне тіктегенді бүккен, тау тасындай үлкен опал таудай Манастың сол сәт пәті қайтып сала берген...

Манас, находившийся в авангарде кочевья, которому не было видно ни конца, ни края, притормозил своего взмыленного коня Аккула.

Вот какими бывают, оказывается, «благодарные» слова в адрес «благородных», тех, кто, вырвав своих соплеменников-киргизов из чужих клещей, ведет их в неизведанные края с целью обретения свободы.

Вряд ли найдутся те, кто станет перечить, если он начнет избивать их. Вот каким бывает народ, в среде которого нет ни тех, у кого силен хребет, ни тех, кто дал бы мудрый совет.

Вот, торчат, все сзади, словно чучела, в рукава которых вдеты палки.

Глянул на небо... Из-под двурогого колпака, оно было неопределенного цвета, мутным, обветшалым.

Вековые камни, словно выложенные в стену рядами, превратившись в балбалы*, уплывали в объятья бесконечности.

Все вокруг него, словно сговорившись, онемели, прикусив языки. От постоянного натяжения стала жидкой и грива коня.

Движением своего двурогого колпака кивнул в сторону хвоста кочевья. Это был знак указания, чтобы положили конец всем недовольным голосам и роптаниям.

...Манас еще до отправки в этот дальний путь обратил знаки внимания на Каныкей. Послав сватов к ней, пригласив со всех концов земли киргизской гостей, сыграли свадьбу. Уже тогда она, с ликом похожим на родившийся поздно полумесяц, даже ложась с ним в постель ранним вечером да убирая ее поздним утром, опоясав свой гибкий стан золотистым кушаком, наложив молочную маску на лицо, смотрела на него с вечным женским капризом, – не восхищенно, а недовольно.

Уже тогда, огромный, как скала, Манас, ввергающий всех в уныние только одним лишь взглядом, дробящий людей, как камни, превращая их в пыль, вконец разочаровался.



Шарасыздықтың екі иіннен басқан салмағынан жаншылып тұрып, қолдан – сүйеніш, аяқтан – тіреуіш таппай тұрып, ең соңғы дәт – Алладан медет тілеп тұрып мұнар-мұнар батысқа көз тіккен.

Өңіп кеткен аспанның, оннан да, солдан да ойнаған үзік-үзік сағымның нақ ортасынан зарықтырып, айнадай жарқырап, жанарыңды қарықтырып осы Ыстықкөл көрінген. Айбарланып, арыстан жалданып айқайын салып еді-ау сонда!

– Қағылайын, Ыстықкөл!

Іле қиқулай төбеден мың сан торы ала қаз ұшқан. Қарағайлы орман сыңсып шуласқан. Дауылпаз ойнаған.

Кобыз шаңқылдаған. Шайыр шаңқылдаған. Бақса, құмырс-қадай қарақұрым қырғызы екен аруағын көтеріп ұлы көлге жапа-тармағай ат қойысып бара жатқан.

Е-е, одан бері күңгір-күңгір не заман өтпеді?..

Жердің киесіндей боп жағалауда ер-тұрманы сайма-сай бір сәйгүлік жүрді.

Шыққан шөп пен аққан судан басқаға жазығы жоқ бұл күлік Манастан тұл қалған
Аққұланың тұқымы-ау, жарықтық...

* * *

...Абылай қонған ақ орда қаралай жұрттың мысын басқан. Баспай қайтсін, Арқадан ерткен аламан қолы, артынан ерткен шұбар ала шаңы жердің жүзін, күннің көзін алып ел шетіне келіп кірсе?

Қырғыздың батыры мен бағланы тікірейгенмен, бай-манабы шікірейе алмай, өз етектеріне өздері сүрініп бір-біріне жаушы шаптырған. Ақыл тоздырып барып, ақыры Абылайдың алдына жетіп датқа жығылған. Сүйексіз қызыл тіл қызметке жүрген.

– Темір нокта – қалың қытайға, қайыс нокта –



Стоя на двух плечах безвыходности, прогнувшись под своей тяжестью, не найдя, поддержку в руках, а в ногах опоры, с последней надеждой обратившись к Аллаху, посмотрел в сторону запада на марево.

На границе посветлевшего неба и фрагментов миражей, появляющихся то справа, то слева, заставив томиться, блестя, как зеркало, насыщая взгляд, появился тогда Иссык-Куль. Зарычав, как лев, он тотчас же исторгнул свой возглас:

- Да будь мне пристанищем тут, Иссык-Куль!

В небе пролетала вереница бесчисленных гогочущих гусей. Зашумел деревьями густой лес. Приветственно махал крыльями буревестник.

Звонко заиграл кобыз. Струны его, смазанные жиром и потом, громко заклекотали. Заметил: его многочисленные, словно муравьи, киргизы, взывая к духам предков, хлынули к великому озеру, позванивая стремянами своих коней.

Э-э, какие только набатные времена не прошли с тех пор... Словно хранитель этих эпох, со справной сбруей бродил по берегу быстроногий скакун.

Это благородное создание, не покушающееся ни на что, кроме травы и воды, видать, и было отпрыском оставшегося после Манаса его коня Аккула...

* * *

...Белая орда Аблая, обосновавшаяся здесь, отняла покой местного населения. Конечно, если она, явившись сюда из Сары-арки с тысячами воинов, поднимая за собой пыль, которая, покрыв поля, прикрыв око солнца, застолбила свой стан на окраине страны.

Хотя киргизские батыры и огланы ощетинились, но бай-манапы, не решившись выказать кичливость, спотыкаясь о полы своих чапанов, стали слать друг к другу гонцов. Устав от совещаний, они послали своих послов, чтобы пасть к ногам хана. В ход был пущен язык без костей...

- О великий хан, не позволивший накинуть на



ормандай орысқа белінді бермеген хан ием, хош келдің, – дескен.

– Қазақтың үш жүзіне ұран болған Абылай емес пе ең, ұрсаң жұдырығыңның қышуы қанбайтын бір уыс сарбағыш пен саяққа күш көрсету ұлық-дәрежеңе лайық па? – дескен.

– Мәлике жүзіңізді бір көруге зар боп отырғанда, Құдай қолдап, жолыңыз оңдап өзіңіз келдіңіз. Тарту-таралғымыз әзір, хан ием, – дескен.

– Ақ орданы тігеміз, ақ бетіне шаң тимеген аршын төс аруды иісі қырғыздың атынан қойныңызға саламыз. Сүйек жаңартайық.

Болашақ күйеу баламыз бен қызымыздың қолүздігі деп түрікменнің бір үйір көкмойнақ ақалтекесін дігірлетіп тау қуысына қамап отырмыз.

Қабағында қатқан теріскейдің тоңы жібімей сазарып отырған ханның қойны-қонышын бірте-бірте ыстық леп аралап бара жатты.

Алқа-қотан жайғасып, екі шалғайын тізеге басып түнерген төрелеріне жорғалата қараған.

Бір биінің бет терісі қыбырлап, ерні жыбырлап, сұйық сақалы пышырап қоя берді.

«Ақ орда мен аруға, арғымаққа хан ием зәру дейсіңдер ме, ей?!» дегелі қомданды-ау кәрің.

Қаншама емінсе де хан иесінің шүңгіл жанарында шыңыраудың суындай жылтыл ояңғанын байқап аузын бақты.

– Туысқан құшақтасам десе, жоқ, пышақтасамын деп шалқаюымыз әбестік болар. Ендеше, өткенге салауат...



себя железную узду китайскому дракону, недоуздок – русскому медведю, добро пожаловать, – приветствовало его посольство.

- Если вы тот Аблай, ставший боевым кличем для всех трех казахских жузов, которому одного удара кулаком не хватает, чтобы удовлетворить свою ярость, то разве красит ваш ранг показывать силу горстке отдельных и слабых племен? – Вопросили риторы.

- В то время, когда мы мечтали увидеть ваш величественный лик, путь ваш предначертал Бог, – вы явились к нам сами. Дары и подношения наши ожидают вас, великий хан, – глаголили они.

Воздвигнем для вас белую юрту, от имени всех киргизов возложим в постель девицу грудями с аршин, светлого лика которой даже пыль не коснулась. Обновим нашу кровь.

В качестве приданого невесты и дара нашему будущему зятю, мы заперли в ущелье и холим табун туркменских ахалтекинцев, – заливались они соловьем.

Тело хана, в мрачных бровях которого застыла северная мерзлота, с ног до головы начал охватывать теплый прилив.

Стал оглядывать сверху группу своих расположившихся советников, которые были также хмуры.

У одного из биев передернулось лицо, зашевелились губы, задвигалась жидкая борода

- Вы хотите сказать, что великий хан падок на белую юрту, молодую красавицу и аргамаков, – пробормотав, надулся он.

Как бы ни пытался пыжиться, но, заметив на худощавом лице своего хана заигравший, как на поверхности глубокого колодца, блеск, – осекся.

- Будет ошибкой, если родственник желает обняться, а ты, отказав ему в этом, предлагаешь на ножах драться. Забудем прошлое, будем взвешенными, - степенные слова



Абылайдың ықыласы қарсы жақтан лебіз аулап отырған қырғыздардың айыр қалпағын алшысынан кигізді.

– Әп, бәрекелді!
– Айналдым ақылыңнан, хан ием!

Көгілдір таудың етегін басып, сықырлауығын көл бетке беріп он алты қанат ақ орда еңсе көтерген.

Қалың қарағайлы қыратта тұрған хан тобының алдынан кешқұрым құйрығын теуіп ойнаған бір үйір ақалтекені кикү сап айдап өткен.

Ақ бетіне шаң тимеген аруы түскірі ғана асығар емес. Кекірігін аздырған астау-астау ет пен саба-саба қымызын құшақтап табалдырықтан күнде сүрініп кіретін қайын жұртына «Әлгі атаған қыздарың қайда жүр өзі?...» дей алмай зар.

Ал қырғыздар сасулы еді. Абыр-сабырда Алайға дейін ат шаптырғанымен, бұты бітеу ару таптырмай, таптырғаны бай-манаптың сынынан өтпей дағдартқан.

Аттылы еңкейіп, жаяу шалқайып қарайтын су перісіндей сұлу бар деп сонау Нарынға адым оздырған, сіңір создырған. Өттең, байлы, балалы-шағалы екен деп оралысты.

– Байы қандай екен?
– Можантопайлау. Әрі тышқан боғын тығып тастайтын сараң көрінеді.
– Баласы нешеу?
– Үйелмелі-сүйелмелі екі сәби...
– Әйелді ажыратып әкеліңдер! Байына бір табын топаз айдатып қытай бетке қуып салыңдар.



Аблая привели к тому, что противоположная сторона, внимательно ловившая каждое слово, водрузила торчком на его голову киргизский колпак.

- Вот, это уже ладно! Восхищен Вашей мудростью, великий господин!

У подножья голубых гор, с выходом на озеро, воздвигнута была шестнадцатистворчатая юрта.

Вечером перед ханом и его свитой, стоявшими на вершине лесного холма, со свистом и гиканьем был прогнан табун ахалтекинцев, лягавших свои хвосты.

Только не торопились с девушкой, «светлого лика которой даже пыль не коснулась». У своих будущих родственников, ежедневно, спотыкаясь при входе, приносивших огромные блюда мяса и емкостей с кумысом, что обострило его отрыжку, спрашивать о том, когда же, наконец, доставят ему обещанную красавицу, было неудобно, хотя ожидания были томительны.

А киргизы были в растерянности. В суете и сутолоке слали людей даже до Алая, но не могли найти целомудренную девицу, а если и находили, то она не проходила строгий отбор коллегии баев-манапов.

Узнав, что есть одна, похожая на водную пери, красой которой всадники любовались, нагнувшись, а пешие, запнувшись, – до самого Нарына бросили все силы, растянули жилы. Беда только в том, что гонцы вернулись, сообщив, что она замужем, есть дети.

- А что собой представляет ее муж?
- Кроткий. К тому же до такой степени жаден, что прячет даже свое дерьмо.
- А сколько у них детей?
- Двое крохотных погодков.
- Женщину разведите и привезите! Дайте мужу табун лошадей и отгоните вместе с ним за границу Китая.



Он төртінде атастырылып, қалған үш жылда екі нәресте көрген сұлуды күндіз-түні шауып ерулі атпен жеткізгенде:

– Жасаған ием мұндай да мінсіз қып пенде баласын жаратады-ау, – десіп қатын-қалаш қамыс басындай шуласқан. Тек әлгі байының бүлдірген жері болмаса...

Сұлу табылды, бірақ оны мына қалпында Абылайдың қойнына қалай салмақ?

Таң атар-атпаста айбарлы хан бүйі шаққандай атып тұрып, «Уа, бүтін дүниені қалмаған не қылған жұртсың?

Көрсетейін мазақты, орнатайын тозақты!» деп атқа қонса ше?

Оны да көріп алар, ал айтысқан серт, алысқан қол, жеген құйрық-бауыр ше?

Осылай әйел – жерге, еркек – көрге қарағандай боп тұрған олар шақта:

– Ойбай, Тәшкенде бір лолы кемпір бар. Жалғыз қызын жеті мәрте байға берген. Бәрі де «сақинасы сау» деп алыпты. Несін айтасың, о кәрі мыстанның білмейтіні болсашы, – деп ауыл арасынан бір құлағы түрік білгіш табылған.

Құтқарушыдай көрінген лолы кемпір сөйлегенде имек мұрны сүйір иегімен бір түйісіп өтетін мейіздей қатқан құзғынның өзі екен. Сауда сыбырмен бітіп, ұзатылатын қызға іс тігетіндей өңірінен алтын инені алып, қытайдың жібек жібіне сабақтап жатып бейшара әйелге қона түсті.

– Тылағыңның екі езуінен екі іліп алып байлаймын, шыда, – десін. Таппайтын тәсілі жер астында екен кәрі мыстанның...

– Құсың құтты болсын, хан ием, – дескен жеңге-



Когда, на сменных конях, проскакав денно и ночью, привезли красавицу, вышедшую замуж в четырнадцать, а в течение трех следующих лет родившую двух младенцев, женщины и остальной люд зашумели и зашелестели, как камышовые головки, мол, надо же, как же Всевышний создал такую красу, без всяких изъянов. Только вот, не считая того места, которое испортил муж...

Красавица нашлась, да только как теперь подложить ее в таком виде в постель к Аблаю?

Что делать, – если вдруг ранним утром грозный хан, словно ужаленный скорпионом, вскочив с постели и зарычав: «Уа, что вы за народ, ничего не сохранивший в целости?

Покажу вам издевательство, устрою тут адово царство!», – вскочит на коня?

Это можно было бы, и стерпеть, а вот как быть с клятвами, рукопожатиями, угощениями от души?

В этот смертельно опасный момент, когда женщины не смели поднять глаз от земли, а мужчины оторвать взгляд от могил, в ауле нашелся один всезнайка, который сообщил:

«Да вы знаете, в Ташкенте есть одна старуха-знахарка, которая свою единственную дочь семь раз выдала замуж. Все мужья были уверены в ее целомудрии. Что там говорить, нет ничего, чего бы ни знала эта ведьма».

Долгожданная спасительница оказалась самой, что ни на есть старой ведьмой: ссохшейся, как кишмиш, с носом-клювом, соприкасающимся при произношении речи с острым подбородком. Торг и договор закончились шепотом. Вытащив откуда-то золотую иголку и продев в ее ушко шелковую китайскую нить, как будто собиралась шить одежду для невесты, забралась на несчастную женщину.

- Зашью оба уголка губ твоей промежности, терпи, – предупредила она. Оказывается, даже под землей не было уловок и тайн, которые бы ни знала эта баба-яга...

- Пусть эта пташка принесет тебе удачу, великий



лері ине-жіптен жаңа өткен «қызды» қолтықтап шымылдыққа ендіріп жатып.

– Кимешек киген бе, құлағының ағарып қалғаны несі? – деп Абылайдың атқосшысы күңкілдеген. Алақызба шақта онысын өзінен басқа ешкім естімеді.

Түнімен қызыл жеміне тояттаған хан таң торғайы ілкі шырылдағанда шапанын желбегей жамылып сыртқа шыққан.

Қол созым жерде тау жусап, Ыстықкөл бусап жатты. Теңіздің аңқанды ашар қышқылтым ауасы алдан желпіп қоя берді.

..Алып адымдап тұрған тау қарағайынан оза шыққан екі міскін бір-бірін өкшелеп көлге маңдай тосты.

Абылай-елес толқыннан береке таппай шалт қимылдап, терендеп, ағынға өтіп кете барды...

* * *

...Жарық айы тұрмақ жамыраған жұлдызын да біреу теріп әкеткендей тамыздың мөлттей қара түні-тін.

Алты қанат керегенің сыртында сайланған алты бірдей күзетші, сықырлауықтың көзінде жаланған жасақшы отырған.

Төрде адалбақанға таяу ерін жастап, шапанын тарта жамылған Кене ханның кірпігі қамаспай қойды.

Алақүлік ойды аулаққа қуғанмен өзекті өртеген өкініш жүрек басына шер боп ұйып тыншу бермес.

Кешегі қырғында бауырын еркін жаза алмай шейіт кеткен қолын айтсаңшы! Өңшең саздауға біткен құба талдай солқылдап тұрған жас-ты.

Артында – жау, алда – тау, қиялай кеп батпаққа



хан, – щебетали тетушки нового родственника, заводя за полог только что прошедшую через иголку и нить «девицу».

- Всё время носила головной убор, что ли, почему-то уши у нее бледные, – заворчал один из приближенных Аблая. Но в суматохе никто, кроме него самого, не услышал эти слова.

Хан, всю ночь получавший наслаждение от «невинного» тела, с первым щебетанием воробьев вышел наружу, накинув на плечи чапан

На расстоянии вытянутой руки покоились горы, а озеро испускало пар. В ноздри ударил кисловатый морской запах, настезь раскрыв дыхательные пути.

...Два силуэта, ступая след в след широкими шагами, обойдя деревья, направились в сторону озера.

...Привидение Аблая, не найдя прок от ласки волн, быстро поплыло, нырнув в глубину, пропало в пучине, превратившись в течение.

* * *

...Августовский ночной мрак. На небе не было ни только луны, но даже звезд, как будто кто-то тщательно подмел и убрал их россыпь.

По шести наружным сторонам юрты выставлены были стражники, а у дверей сидел облизывающийся охранник.

В самой юрте у подпорки, облокотившись о седло и накрывшись чапаном, лежал не смыкавший глаз хан Кене.

Как бы ни отгонял от себя мрачные мысли, но горькое сожаление жгло нутро, впившись в сердце, не давало ему покоя.

Как досадно, что во вчерашней битве, его войско, не сумев свободно развернуться, было разбито! Все воины были желторотыми и хрупкими, как колыхающийся тростник, предназначенный для изготовления свирели.

Сзади был враг, впереди – камни в горах, идя по



қамалып шарасыз шабылмады ма?

Аркадан алшандап кеп Алатаудың аңғарында
ажал тапқандардың обал-сауабы кімге?

– Имандарың салауат болғай-дағы!
Кене хан жасып күбірледі.

Сыпатайдың сатылғыштығын, Байзақ датқаның
опасыздығын кінәлағысы келді ме? Орысты ой-
рандаймын деп қолғанат іздеп келіп қырғызға
бекер соқтыққаны ма, ақ алмасы майырылып
тұтқынға түсіп тұқырғаны ма, әлде Тайлақ пен
Жаманқара батырларың тірі деп алдап, Наурыз-
байды итергендей ғып босаттырып жібергені ме,
әйтеуір, бір дауасыз дерт солқыл қақтырып әкетіп
барады.

Жамбасына тас батқандай тағы бір аунап түсті.

Ат тұяғының дүбірі естілді. Маңқа төбет дауыс
берді. Іле: – Көке, – деді Наурызбай.

– Көке, бармысыз?
Күзетшілер күбірлесті.

– Әттеген-ай, қара үзіп кетпегені-ай!
Кенесары астындағы қақпа алашаны білемдеп
ұрды.

Наурызбай аяқ жағына сылқ етіп отыра кетті.

– Көке, өлсем сізбен бірге өлем! Соңыңызда қа-
лып кімге тұтқа болмақпын?

Таң алдында кірпігі қамасқан. Маңқа төбет үрді.
Төбет дегені қауқылдасқан қырғыздар екен. Күн
сәскеге таяп қалыпты.

– Тайлақты өлтіргендері рас демедім бе? Түсімде
көргем. – Жаманқара батырдың да түбіне жетті.



косоғору и попав в безвыходную топь, были наго-
лову разбиты.

На чьей совести смерть воинов, браво из Сары-ар-
ки пришедших, а в кручах Алатау гибель нашед-
ших?

- Пусть земля вам будет пухом! – горько прошеп-
тал хан.

Хотел обвинить в предательстве Сыпатая или ве-
роломстве Байзака-датхи. То ли ошибка, которую
он допустил, напрасно напав на киргизов, хотя
прибыл сюда, чтобы собрать новые силы для того,
чтобы сокрушить кокандцев, то ли притупление
его булатного меча и пленение, заставившее по-
никнуть головой, то ли обман, когда, сказав На-
урызбаю о том, что его батыры Тайлақ и Жаман-
кара еще живы, подтолкнул его на битву, хотя
надо было держать подле себя, – словом, какой-то
неизлечимый недуг заставил его задрожать всем
телом.

Перевернулся на другой бок, как будто лежал до
этого на камне.

Раздался перестук копыт. Прозвучал рычащий
лай тобета. За ним услышал голос Наурызбая:

– Коке, коке*, Вы здесь?
Стражники переговаривались о чем-то между со-
бой.

- Эх, жаль, как он не прорвался! – Кенесары стал
яростно колотить ковер под собой.

Наурызбай, опустившись резко, присел к его но-
гам.

- Коке, если погибну, то погибну вместе с вами! К
чему мне после вас быть рукоятью в чьих-то ру-
ках.

Ресницы сомкнулись только под утро. Раздался
рычащий лай тобета. Оказалось, это был не соба-
чий лай, а голоса киргизов. Время уже клонилось
к полудню.

- Разве я не говорил, что Тайлака убили? Видел
во сне. Да и батыр Жаманкара нашел свою поги-
бель.



– Бәрін қынадай қырған жауызды алшайтып жатқызып әспеттегені несі?

– Енді соқтықпаймыз деген ант алып босатайық. Қалың қазақ көтерілсе, не жаныңды қояды?

– Атаңа нәлет, не деп тантып тұрсың, ей? Алжып тұрмасаң антың не? Көтерілмек тұрмақ ұшып кетсін бұ ит қазақ!

– Әй, екеуі де егіз туған ер екен, қойындарына қыз салып тұқым алсақ қайтеді?

– Сал өз қызыңды! Қасқырды қандас етейін десең!

– Біреуінің өті менікі, белімнің құяңына жағамын.

Ақ сағымға бөккен өң мен түстей еді. Тайлақ пен Жаманқараның тұл қалған долы қатындары дауыс салып келіп тұщы етіне үш бұтақты айыр сұққылағанын біледі.

Жылымшы бірдеңе алақанына құйылды. Меңірейіп отыра берді. Жанындағы Наурызбайын қайда алып кеткен?

– Әй, елдерінде мені дұрыстап өлтіретін еркектана табылмады ма? – деді-ау әлден уақытта.

– Өтімді қыздарыңның көтіне құйындар!

Науанжанының ащы айқайы ауаны найзағайдай осып өткен.

Көз алдында қалың қолын бастап Сыпатай мен Байзақ датқа қашып бара жатты.

Өзі қою шаңның ортасында қалыпты. Төбе тірер аспаны, аяқ артар қара жері жоқ, батысы мен шығысы айырғысыз бұлдыр-бұлдыр бір сағым мұны шырмап алып босатпай қойды...

...Ыстықкөлдiң аспа-түспе толқындарында Наурызбай-елес ағасын қолтықтап ағыс кезіп, бас іздеп жүрді. Хан Кененің басын.

- И почему этого кровопийцу, уничтожающего всё вокруг, словно лишайник, ублажают и принимают с почестями?

- Заставим дать клятву, что больше не будет тревожить нас, и отпустим. А иначе, если поднимутся казахские массы, то что станет с нами?

- Ты, собачий сын, что тут городишь? Если не ма-разматик, то о какой клятве говоришь? Пусть хоть поднимутся и даже взлетят эти казахские псы!

- Эй, оба родных братьев богатырского сложения и духа, а что если мы, подложив под них девиц, получим добротное семя?

- Подложи свою дочь, коль желаешь породниться с волком.

- Желчь селезенки одного из них – моя, буду втирать ее в поясницу, чтоб растворить соль в ней.

Будто между сном и явью, появились видения. Видел, как истеричные вдовы Тайлака и Жаманкары, визгливо заголосив, втыкали вилы-трезубцы в его мягкую плоть.

Ладонь его залило что-то теплое и липкое. Прдолжал сидеть безучастно. Увели куда-то сидевшего рядом Наурызбая.

- Эй, неужели в вашей стране не нашлось мужчин, чтобы убить меня как следует?! – вскричал он, спустя некоторое время.

- Влей мою желчь в свою дочь! Пусть моя «нежность» сожжёт её промежность!

Душераздирающий крик Наурызбая молнией ударил в него.

Перед глазами, возглавив многочисленное войско, бежали с поля битвы Сыпатай и Байзақ-датха.

Сам он оставался на месте, покрывшись густой пылью. Не было неба, чтобы он мог зацепиться головой, не было земли, чтобы упереться ногами. Какой-то туманный мираж, не имевший ни начала, ни конца, окутав его, не дал освободиться...

...На бушующих волнах Исык-куля привидение Наурызбая, поддерживая своего брата, искало голову. Голову хана Кене.



Көлдің иесіндей боп арша таяғына сүйеніп жағалауда бір шал тұрды. Азу тістен ада екі ұртына тоқылдақтың басы сыйып кеткендей еді, бұлтиып, қызыл шырайы сыртқа теуіп тұр. Жел толтырып алған екен антұрған...

* * *

...Әуезовтің елесі жайбарақат малти жүзіп жағалауға таяғанда күн батуға сынық сүйемдей қалған.

Кең маңдайы жарқ етіп көрінді. Киіздей қою шашына күйе түскен шағы екен.

Келісті жүзі ызаға бөккесін бе, күреңітіп, қарақошқыл тартыпты.

Мұрнын бірер мәрте саумалап жіберіп, «Пәлі, қазаққа бар қадірім қатынға жоқ. Көрдім-ау осылардан көресіні!» дейтіндей.

Десе дегендей-ақ болды.

Түске салым Жазушылар одағынан келіп жазу столына құйрық басқаны сол еді, шар ете түскен шатақтың басталып жүре бергені. Есіктен ебедейсіздеу енген жұбайы екі мықынын таянып тұрып:

– Иә, ұлыңның бауы берік болсын! Фатиманы әрлі-берлі алып қашып жүріп ақыры Меркідегі туыскандарыңның қолына қатын қып түсіріпсің. Бітеу адам құсап тырсыып жүре бермей сүйінші сұрап біз пақырды да бір қуантып қойсаң нетті? – дегені.

Түк естімеген жандай мойнын ішіне тартып, қаламын жүгірте түскен. Қайдан?.. Ойдағы-қырдағы жорға жүрісінің бәрін моншак қып тізіп айтып, бел алып, өршіп кетті.

Береке таппасын біліп, «Победасына» отырған қалпы Меркіні көздей тартқан.

Аузынан түскен адал астай өзінен айнымай қалған Мұратын иіскеп, мейірін қандырып, пәруана тірліктің бітпес күйбеңін жеңбек болған.

Аунап-қунап, тау басып, бұлаққа шомылып



На берегу, словно он был хозяином озера, опираясь на свой вересковый посох, стоял старик. В рот его, лишнего ряда зубов, могла когда-то вмещаться голова дятла. Но сейчас на лице его играл румянец. Видать, проглотил вероломный ветер...

* * *

...Когда привидение Ауэзова, плывя непринужденно, приблизилось к берегу, до заката солнца оставалась лишь пядь.

Блеснув, выплыл широкий лоб. Был он в том возрасте, когда в густые, как черная кошма, волосы пробрались островки плешей.

Правильные черты лица, которое выглядело потемневшим, были искажены, похоже, от расстройства.

Выжав двумя пальцами руки влагу из ноздрей, как будто произнес: «Чертовщина, уважением, которым окружают меня казахи, не пользуюсь у женщин. Сколько всего уже натерпелся от них!» Действительно, так оно и было.

Вернувшись к полудню из Союза писателей, только было присел за рабочий стол, как поднялся шумный скандал. Супруга, неуклюже вошедшая в кабинет, подперев руками бока, стала язвить:

- Так, так, поздравляю с рождением сына. Выяснила: украдкой таская за собой Фатиму, отвез ее к своим родственникам в Мерке и объявил своей женой. Ходишь скрытно, как запертый сундук, что тебе стоило обрадовать и нас несчастных, чтобы получить поздравления?!

Сделав вид, что ничего не слышал, втянув шею в плечи, продолжал водить пером. Куда там... Нанизывая, как бусинки на ожерелье, все его похождения по горам и долам, разожгла словесный пожар.

Убедившись, что покоя уже не будет, сел на свою «Победу». Отправился в Мерке.

Думал, что, обнюхав сына своего Мурата, как две капли воды похожего на него, одолеет бесконечную суету этой беспокойной жизни.

Надеялся: походит по горам, искупается в чистой



тыңайып қайтпақ-ты.

Мұнда да нарттай қызарған даудың үстінен түссін. Төбесінен құс ұшырмаспын деген Фатимасы:

– Айдалаға әкелдің де тастадың. Битін сығып, қанын жалап күнін көрсін дейсің бе?

Онымен қоймай, менің үстімнен тағы бір Галия деген қаншыққа көңіл артыпсың. Егіліп, еңіреп жазған хатың, міне, – деп, қолына қайдан түскенін, екі парақ оқушы дәптерін мұның бетіне тақап желпілдетті дейсің.

Басындағы ақ кепкісі қонған төбесін сыйлағаннан ұшып кетпей аман қалған.

– Пәлі, қойшы енді соны! Болашақ шығарманың басты бір прототипі еді...

Даусы жіңішкеріп шыққан.

– Ә, біз жанама кейіпкерің екенбіз ғой. Көшір онда, кім көрінгенге телміртпей, Шолпан-Атадағы үйіңе! Сосын бұйданды басыңа түр де жүре бер!

– Валентина Николаевна хош көрсе...

– Оныңды да әспеттеме. Білеміз... Баяғыда өзің екі жыл қамақта отырғанда Ленинградына ойбайлап қашқан. Жанын аузына тістеп. Онда не бүлдіргенін өзің де естіген шығарсың?..

Сүйегін қаралай үңгіген сұңқылды одан әрмен тыңдауға шыдамы жетпеді.

Қасиетті қаламымды ұстап қала ма деп ғазиз басын дауға берген қарғасы Мұратын бауырына қысып аз тұрды да «Победасына» қайта қонған.

Ыстықкөлдiң мейiрiмдi құшағына асыққан. Шипалы суы бойыңды жеңiлдетiп, ойыңды аршып, бар кiр мен кiнәратты қолмен сылып алғандай етедi-ау! Келе қазақы дамбалдан басқа лыпа бiткендi сыпырып атып көгiлжiм тереңге құлаштай



родниковой воде, повалается на вольной земле, а затем вернется обратно.

Но и здесь попал на накаленный, как железо, скандал. Его Фатима, обещавшая, что пролетать над ним не даст даже птицам, заверещала:

- Привез и бросил нас где-то. Считаешь, что мы должны прожить здесь, давя вшей и облизывая свою кровь?

К тому же, за моей спиной знаки внимания обратил еще на одну сучку, Галию. Вот твоё растроганное, плаксивое письмо, написанное ей, – выпалив это, – и откуда оно попало ей в руки, – стала махать перед ним двумя листами школьной тетради.

Белая кепка не слетела, благодаря уважению к голове, предоставившей ей приют.

- Не надо, оставь ее в покое. Она же – прототип главной героини моего будущего произведения...

Голос ее сорвался на фальцет:

- Ага, а мы, выходит, твои второстепенные герои. Перевези тогда нас в свой дом в Шолпан-Ата, чтобы не зависели, от кого попало. Можешь потом, накинув на шею привязь, отправляться, куда угодно.

- Если одобрит Валентина Николаевна...

- Можешь ее тоже не возносить до небес. Знаем... Когда ты два года сидел в заключении, она, стиснув душонку в зубах, в панике сбежала в свой Ленинград. А что она там натворила, наверняка, и сам знаешь...

Выслушивать дальше нападки, расковырявшие до костей, не хватило терпения.

Обняв и прижав к сердцу, ставшего предметом раздоров, своего воронёнка Мурата, в надежде на то, что его творческое перо перейдет по наследству, постоял немного, а затем снова сел на свою «Победу».

Поехал, спеша, чтобы быстрее попасть в ласковые объятия Исык-куля. Целебные воды его, облегчая тело, осветляя мысли, словно рукой, соскабливают всю грязь и ущербность. Скинув с себя всю одежду, кроме широченных трусов, вытянув



сүңгіген...

...Жердің киесіндей боп жағалауда ер-тұрманы сайма-сай бір сәйгүлік жүрді. Шыққан шөп пен аққан судан басқаға жазығы жоқ бұл күлік Абайдан тұл қалған тұлпардың тұқымы-ау жарықтық.

Иә, пері көшетін намаздыгер мен ақшамның арасында ақ айдын бетін елбең-елбең елес кезіп жүрді.

Арша таяғына сүйенген шал: «Өздеріне өмір берген әйел нәсілінен тірлігінде теперіш көрмеген, алданбаған еркек атаулы бар ма?

Ұлы бол, ұры бол – бәрібір. Қаша-қаша ақыры пейіштің төріне тығылар», – деп кесім айтады. Беу, бәтуасыз дүние, беу!

Өзара өкшелей қуаласқан екі міскін шалдың жел жағын жанай өтіп көлге ұмтылған.

Сасай бұқаның иісі аңқып қоя берді. Әйел сықылық атып сүңгиді, еркек көз жазып қалып қапелімде айналасына мекіреніп артылады. Толқын біткен күйлеп қашты.

– Баяғыда қашақ сиыр бұқаға шындап бір тоқтаған соң шалдар пышақпен сарпайының ұшынан қан шығарып тіліп жіберетін.

Содан соң бұқа мүйізін шайқаса бітті, бел асып безіп беретін.

Заң-әкені сыйлаймын, Заң-әкені. Әйтпесе... – деп шал енді сықылық шыққан тұсқа қарап жүзі жұқара-жұқара біздей боп қалған бәкісін жылтындатты.

* * *

Өн бойы өткен дәуреннің үзік-үзік елестерінен ғана тұратын қасиетті көл осыны айтып жырлай-



руки вперед, нырнул в голубую бездну.

... Словно хранитель этих земель, со справной сбруей бродил по берегу быстроногий скакун. Это благородное создание, не покушающееся ни на что, кроме травы и воды, видать, и есть отпрыск оставшегося после Аблая скакуна...

Да, в промежутке между заходом солнца и предутренним рассветом вокруг благодатного озера бродили видения.

Старик, опирающийся на свой вересковый посох, словно говорил: «Разве найдется мужчина, не обманутый женщиной, хотя именно она дала ему жизнь?

Будь хоть великим учителем, хоть злым грабителем, все равно. Убегая, упрячется, в конце концов, в райской обители», – выговорив это, вынес приговор. Увы, бессмыслен мир, увы...

Два силуэта, шагавшие друг за другом след в след, пройдя мимо старика с подветренной стороны, устремились к озеру.

Засмердело запахом бычьего влечения. Женщина, заливаясь смехом, нырнула, мужчина же, потеряв ее из вида, возбужденно прыгал вокруг себя. Даже волны, поддавшись этой любовной игре, заплескались вожделенно.

- В стародавние времена, когда корова безудержно отдавалась многим быкам, отчего не могла понести, тогда, после того, как она была покрыта лишь одним быком, старики, чтобы она отелилась только от этого самца, выпуская кровь, надрезали ножом кончик вульвы.

После этого, стоило только любому быку покачать рогами, всё, – бежала от него со страхом, опасаясь боли.

- Преклоняюсь пред вечными законами, законами природы. А иначе... – Произнес старик, глядя в сторону, откуда раздавался заливиственный смех, показав мельком свой нож, лезвие которого, постепенно утончаясь, стало похоже на шило.

* * *

Благодатное озеро, пред ликом которого прошли времена всех этих обрывков мимолетных виде-



ды, осыны айтып жылайды.

P.S. Кіресілі-шығасылы еспен біз де осы сөзді саған арнап жаздық-ау, Ыстықкөл!

ний, напеваает об этом свою горестную рапсодию.

P.S. Да и мы, выудив видения из потока непостоянной памяти, написали эти строки, посвятив его тебе, Иссик-Куль.

Примечания:

- **Балбал** – степные каменные истуканы
- **Коке** – обращение к старшему брату, отцу или дяде.

